

**Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Тараз қаласы білім бөлімінің №2 «Айсұлу» бөбекжай – бақшасы
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау
ХАТТАМАСЫ**

Тараз қаласы

06.02.2025 жыл

Өткізілген орны: Жамбыл облысы Тараз қаласы «Массив Карасу» иіні 8 а .
Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері, балабақшаның педагогикалық ұжымы және кіші қызметкерлер.

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтаманы жария талқылау.

Тыңдалды: №2 «Айсұлу» бөбекжай – бақшасының меңгерушісі Тойымбетова Женискуль Төлегенқызының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтамасы .

Сөз сөйледі: №2 «Айсұлу» бөбекжай – бақшасының меңгерушісі Тойымбетова.Ж.Т - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚР Заңының 8 бабының 5-тармағына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 23 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығына және Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласы білім бөлімінің №2 «Айсұлу» бөбекжай – бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2025 жылғы 5 қаңтардағы №43-1 бұйрығына сәйкес Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласы білім бөлімінің №2 «Айсұлу» бөбекжай – бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібін басшылыққа ала отырып, 2025 жылдың 5 қаңтары мен 14 ақпаны аралығында 2024 жылға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілетіндігін хабарлады.

4

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын мекеменің атауы:
Жамбыл облысы білім басқармасының Тараз қаласы білім бөлімінің №2 «Айсұлу»
бөбекжай – бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бағыттары:

1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;
2. Мүдделер қақтығысын реттеу;
3. Мемлекеттік қызметтер көрсету;
4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру;
5. Бақылау тексеру функцияларын іске асыру;
6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу
8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану
9. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Жұмыс тобы:

Комиссиясы 2025 жылғы 5 қаңтардағы №43-1 бұйрығына сәйкес құрылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтылатын кезең:

2024 жыл.

Масс-медияда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің басталғаны туралы хабарландыру 2024 жылдың 17 желтоқсанында яғни, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау басталғанға дейін 10 жұмыс күні бұрын жарияланды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау күні туралы хабарландыру масс-медияда 2025 жылдың 31 қаңтарында яғни, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау аяқталғанға дейін 10 жұмыс күннен кешіктірмей жарияланды.

Анонс сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін талқылау бойынша жұртшылықты хабардар ету үшін жүргізіледі.

Іс – шара сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария – талқылау және жұртшылықтан кері байланыс алу үшін өткізілетінін айтты


ШЕШІМ: жария талқылау хаттамасы масс – медияда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау аяқталғанға дейін жариялансын.

Төрайым меңгеруші:



Ж.Т.Тойымбетова

Хатшы:



Ф.Ж.Набикулова